

(1872-1937)

Ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткер

Ахмет Байтұрсынұлы

туғанына

150 жыл



**Алаштың үш арысы (солдан оңға):**
**Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы**




Байтұрсыновтың Мұражай-Үйі қоғам қайраткері, ақын, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашалық жолына арналған, мәдени-ғылыми мекенжай. Мұражай Алматы қаласындағы А.Байтұрсынов пен Жамбыл көшелерінің қиылысында орналасқан.

Бұл үйде Байтұрсынов 1934 жылдары тұрған. Мемлекеттік деңгейде құрылған арнаулы комиссия шешімімен мұражай-үй бұрынғы қалпына келтірілді. 1998 жылы Байтұрсыновтың туғанына 125 жыл толуына орай мұражай-үй күрделі жөндеуден өткізіліп, құрылымы, сәулеттік сыртқы пішіні, ауласы бұрынғы қалпын тапты.

Мұражай-үйдің бөлмелерінде орналастырылған заттардың көбісі жақын-туыс жанашырларынан алынған. Онда Байтұрсынов өміріне байланысты мұрағаттық материалдар, түрлі құжаттар, қолжазба мұралары, фотосуреттер, сирек кездесетін кітаптар қойылған. Байтұрсыновтың тұрмыс-тіршілігі мен шығарм-на байланысты жиһаз-бұйымдармен құжаттардың бір тобы Торғайдағы мұражай-үйінде сақталған.



Н. К. В. Д.

УПРАВЛЕНИЕ по КАЗАХСКОЙ АССР

Дело подлежит возврату архив
КГБ при СМ Казахской ССР

# ДЕЛО №725

По обвинению Байтурсунова
Ахмета по ст.ст. 58-10 и 58-11
УК РСФСР.

~~25103~~

ТОМ [illegible]

Начато „13" [illegible] 1937 г.

Окончено „25" Ноября 1937 г.










**Байтұрсынұлы А.**
**Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Ел-шежіре», 2013.**
**Т.1. - 391 б.**
**Т. 2. – 384 б.**
**Т. 3. - 384 б.**







**Байтұрсынұлы А.**
**Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Ел-шежіре», 2013.**
**Т. 4. – 382 б.**
**Т.5. - 384 б.**




**Байтұрсынов А.**
**Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 бет.**




**Байтұрсынов А.**
**Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу. / Құраст. Р. Нұрғалиев. - Алматы: Жалын. - 1991. - 464 б.**







**Байтұрсынов А.**

**Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) - Алматы: «Ана тілі», 1992. - 448 б.**

**Байтұрсынов А.**

**Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.**




**Байтұрсынов А.**

**Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. - Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2002. - 208 бет.**




Сыздықова Р.

Ахмет Байтұрсынов. - Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990. - 52 б.




Кәкішев С.

Ахаң туралы ақиқат. - Алматы: Шапағат. - 1992. - 112 б.




**Әбдиманұлы Ө.**
**Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. - Алматы: «Арда», 2007. - 296 б.**




**Жумадил А.К. Культурные процессы в Казахстане в 20-30-е годы XX века: учеб. пособие /А.К. Жумадил, М.Т. Жумадил. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 188 с.**






Қазақты сынау мен оятудың Міржақып Дулатов уағыздаған идеяларына ұқсас, сонымен сарындас дәл сол кезеңде Ахмет Байтұрсынов та, Әлихан Бөкейханов та, басқа сөзбен айтсақ, кейін Алаш қозғалысын бастаған зиялылардың көпшілігі айтты.

Мәселен, 1911 жылы жазылған "Қазақтың өкпесі" атты Ахмет Байтұрсыновтың мақаласында мынандай сөздер бар: "... Ата жолдасы наданлық, өнерсіздік қазір қазақтан айырылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерден-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айырылмай-ақ келеміз ... Жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз ..."[1]. Осы "ғылым мен өнерді керек қылатын" қазақтардың көбеюі Ахмет Байтұрсыновтың ойынша халықты тығырықтан шығаратын сара жол болып табылады. Осыны ұққысы келмегендерге, халықты өркениетті елдер қатарына қоссам деп өзін-өзі азапқа салғанда сөз ұғып, жөнді жолға түсу былай тұрсын, оның өзіне қастандық жасап, абақтыға жаптырғандарды А.Байтұрсынов "көп есектерге" теңеді, ашу-ызаға булықты:

Не жазып ем, құдай-ау, мен қазаққа,
Мұншама ғып салғандай бұл азапқа?!
Адамшылық есебіне кірісін,
Қолы жетсін дегенім бе азатқа?
Жөн сілтедім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес алысқа.
"Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, —
Дедім, — сен де қатарынан қалыспа!"

Қинамады абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны[2].

Ахмет Байтұрсынов, басқа да ұлттық-либералдық интеллигенцияның көрнекті өкілдері — өз замандастары сияқты, бір жағынан отарлық билік жүйесінің озбырлығын көріп, екінші жағынан, "өз ауылы иттерінің" балтырын тістеп қанатқанына қинала жүріп өз халқын оятып, өз елінің жаңартуға бар күш-жігерін салды.

[1] Байтұрсынов А. Ақ жол. 214. б.
[2] Сонда 71, б. (1911 жылы жарық көрген "Маса" атты кітабына енген "Көп есектерге" деген өлеңінен).

53

**Нұрпейісов Кеңес.**
**Алаш Һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 256б.**







**ҚАЗ ЕДІК ҚАТАР ҰШЫП ҚАҢҚЫЛДАҒАН**

Кезінде сталиндік репрессияға ұшырап, мерт болған боздақтар қайта тірілді, сөнген жанып, жоғалған табылды. Алыптар қайта оралды.
Тұтас буынның төл басы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов қалыптасқан дәстүрлі құжаттар бойынша айтқанда, қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақ ұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы 18 қаңтарда дүниеге келген.

Ахметтің «Өмірбаянында» көрсетуінше: мешін жылы, 1872 жылы туған,

№ 5 ауыл, Тосын болысы Торғай уезі. Қалың қазақ ортасы, қаймағы бұзылмаған сахара тұрмысы табиғатынан дарынды туған баланың сезім дүниесін, ой әлемін тербеп толқытады. Әділетсіз өмірдің улы зары бала жүрегін он үшінде жаралайды. Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас қорлық, зорлыққа шыдамай, 1885 жылы 12 қазанда ояз начальнигі Яковлевтің басын жарып жібереді. Мұның арты — дүние-мүлікті тартып алу, түрме, абақты, Сібірге 15 жылға жер аударылу.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882—84 жылдары әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886 — 1891 жылдары Торғай қаласындағы екі класты орысша-қазақша училищеде, 1891—1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып білім алады. 1895 жылдың 1 маусымынан бастап мұғалім болады: Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, жуандарға, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды. Ауылдық, облыстық, кейін екі класты мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан-алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жинайды. Ел ішінде жас оқыған, еркін мінезді батыл ойшылдың бедел-атағы өсе бастайды. Полиция тыңшыларының жаласымен күйе жағылып, губернатор Тройницкий жарлығы бойынша



**Нұрғали Рымғали.**

**Әуезов және алаш: Әдебиеттегі ұлттық рух.Көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 1997. - 432б.**

ҰЛТЫН КЕРЕК ҚЫЛЫП, ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ҚЫЛАМЫН ДЕГЕН ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ ҚАЗАҚ ЖҰМЫСЫНА ҚОЛЫНАН КЕЛГЕНШЕ ҚАРАП ТҰРМАЙ КІРІСІП ІСТЕЙ БЕРСЕ – ҰЛТ ЖҰМЫСЫ ҰЛҒАЙЫП, ТОЛЫҚПАҚШЫ.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ







**Жүсіпұлы М.**

**А. Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. - Алматы: Ғылым, 1998. - 216 б.**

**Қазақ тілінің тарихы мен түркітану мәселелері. / Жауап. Ред. ф.ғ.д., профессор М. Малбақов. - Алматы: А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2011. - 296 б.**






Ахмет Байтұрсынов
(1873—1937)

Ақын, әдебиет зерттеушісі, көсемсөзші, аудармашы, түрколог, қазақ тіл ғылымының, әдебиеттанудың негізін қалаушы ғалым. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің көрнекті қайраткері. А. Байтұрсынов XIX ғасырдың соңғы кезі мен XX ғасырдың алғашқы отыз жылы ішінде қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени өміріне белсене араласты. Оның әсіресе әдебиеттану ісіне қосқан үлесі аса мол. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты кітабы — әдебиеттанудың тарихы мен теориясы жөніндегі тұңғыш көлемді де салмақты еңбек. А. Байтұрсынов — қазақ алфавитінің реформаторы, тұңғыш әліппе, тіл құралын жазған ғалым. Ол таза қазақ емлесімен шыққан «Қазақ» газетінің (1913—1918) тұрақты редакторы болды.

**Қазақ прозасы: Хрестоматия: 3 томдық. Т.2: XIX-XX ғасырлар. - Алматы: Ғылым, 2001. - 672 б.**






территориальной автономии и создания правительства Алаш-Орды. Как подчеркивает А. Букейханов, постановление II Общекиргизского съезда (5-13.12.1917) "было вызвано желанием предотвратить анархию на территории, населенной киргизами, не допустить возможности развития большевизма в степи"[63]. При этом он считает необходимым указать на западническую ориентацию своего правительства, не имевшего сепаратистских замыслов: "киргизский народ ... не желает отделения от России. Мы - западники"[64].

На той же позиции стоял и А. Байтурсынов. Анализируя события 1917-1918 гг. в политической жизни края и роль в ней национальной интеллигенции, он был солидарен с А. Букейхановым в оценке деятельности Алаш-Орды и ее взаимоотношений с различными политическими формированиями как Комуч и Директория, "правительствами" времен гражданской войны, в окружении которых она находилась. Непризнание алашевцами советской власти исходило из характера проводимой политики местными большевиками, творивших те же беззаконие и насилие в отношение казахов, что было и в царское время.

Следует отметить, что эта статья, как и многие другие работы, опубликованные видными национальными деятелями Башкирии, Татарии, Туркестана, Украины, сыграли важную роль в укреплении авторитета Советской власти, ее влиянию на местах.

Таким образом, А. Букейханов и А. Байтурсынов показали объективные причины возникновения оппозиционного движения в лице национальной интеллигенции в Казахстане. Если А. Букейханов обратил внимание на истоки возникновения Алаш, то А. Байтурсынов охарактеризовал его политическую деятельность в период организационного становления как партии и правительства. При этом авторы едины в определении политических целей и форм борьбы данного движения. Они подчеркивают ярко выраженный антиколониальный, общедемократический характер политической, просветительской деятельности национальной интеллигенции. Именно этот фактор стал определяющим в выдвижении ее как лидера национально-освободительного движения, выразительницы общенациональных интересов.

Национальные, а не классовые мотивы являются главными в борьбе казахского народа, считают А. Букейханов и А. Байтурсынов. Последний, несмотря на усиливающуюся классовую тенденцию новой власти, считает ее неприемлемой в отношении казахского



общества. Лидеры алашского движения оставались принципиальными противниками большевистских форм и методов социалистического переустройства Казахстана. Несмотря на вынужденный переход на сторону Советской власти, вся их общественно-политическая деятельность начала 1920-х годов свидетельствовала о приверженности ее к прежним гуманистическим, демократическим принципам.

Работы А. Букейханова и А. Байтурсынова, содержащие ценную научную информацию об истории алашского движения, оказались, по существу, последними, написанными ее руководителями. Научность и публицистичность характера этих работ в значительной степени отличают их от последующих публикаций, появившихся в 1920-1930-е годы. С изменением общественно-политической ситуации в эти годы преследовались иные цели и задачи в освещении алашской проблемы.

Начало специального изучения алашского движения в условиях советской власти относится к первой половине 1920-х годов. Появление первых публикаций совпало со временем изучения истории Казахстана как научного предмета. Определяется метод исследования, обозначается проблематика, формируется корпус источников, создаются центры науки и подготовки кадров историков[65]. Но, не успев возникнуть, советская историческая наука Казахстана, сразу оказалась под жесткой опекой догматизированного марксизма и единственно признаваемого им формационного (классового) метода познания. Появление таких чуждых этой дисциплине тенденций как осуществление политических функций, апологетика официальных доктрин и оценок исторического развития свидетельствовало о постепенном утверждении в нем института единомыслия.

Данный процесс происходил в прямой зависимости и влиянии тех общественно-политических факторов, которыми характеризовался этот период времени. Так, например, для пропаганды революционного патриотизма и создания истории большевистской партии и установления советской власти на местах решением ЦК РКП(б) были созданы специальные группы, впоследствии оформившиеся в Институт истории партии (так называемые "истпарты") - филиалы Института марксизма-ленинизма. Именно они в большей степени повлияли на внутреннюю логику и концептуальные подходы трудов по истории алашского



103849

**Нурмагамбетова Роза Каирбековна.**
**Движение Алаш и Алаш-Орда: Историография проблемы.**
**1920-1990-е годы XX века. - Алматы, 2003. - 153 с.**






## II.АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ–ФОЛЬКЛОРИСТ

(зерттелу тарихы).

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін қалаушы лингвист-ғалым, әдебиет зерттеушісі, тюрколог, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін қалыптастырған журналист, өз елінің рухани дүниесін көтеруге көп еңбек еткен мәдениет қайраткері, ағартушы-педагог, сонымен қатар дарынды ақын, талантты аудармашы екендігі белгілі.

Дегенмен А. Байтұрсыновтың қазақ фольклортану тарихының негізін қалаушылардың бірі екендігі ат үсті айтылып келгені болмаса, арнайы сараланып өзіне лайықты бағасын әлі алған жоқ. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында біз Ахметтің фольклортану ғылымына қатысты еңбектеріне арнайы тоқталамыз. Бұл саладағы еңбектерінің біріншісіне ғалымның түрлі оқулықтар жазғанда оған мәтін көзі ретінде фольклорды пайдаланғандары [1] жатса, екіншісі-Ахмет жариялаған фольклор үлгілері. Мәселен, оның өзі құрастырып баспадан шығарған «Ер Сайын» жыры, өзі құрастырған белгілі «23 жоқтауы» [2]. Үшіншісі-белгілі «Әдебиет танытқыш» еңбегі.[3]

Әйтсе де аталған еңбектерге тоқталмас бұрын ғалымның артына қалдырған мол мұрасының зерттелу тарихына шолу жасасақ, оның шартты түрде үш кезеңге жіктелетінін аңғару қиын емес. Бірінші кезең, бұл ғалымның көзі тірісінде бағалануы, әсіресе 50 жасқа толу мерейтойына қатысты баспасөзде шыққан мақалалар шоғыры [4].

Екінші кезең-А. Байтұрсыновтың жазықсыз ұсталып, нақақтан дүниеден өткеннен бастап 1988 жылғы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ақтағандығына дейінгі мезгілді қамтиды [5].

Үшінші кезең-ғалым мұрасы ақталғаннан (1988 ж.) кейінгі мезгіл.

Бірінші кезеңге тән ерекшеліктер: ғалымның өмірбаяны жазылды; аз да болса Ахметтің қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық, әдеби қызметтері т.б. сөз болды. Әйтсе де ғалым еңбектерінің қазақ әдебиеті, тіл білімі т.б. тарихында алатын өзіндік орны жете зерттелуімен де, өзіне лайықты жоғары бағасын ала алмауымен де көзге түседі.

Екінші кезең: А. Байтұрсыновқа «халық жауы» деген айдар тағылысымен-ақ, оның жазған еңбектері еленбей, қолданысқа түссе де аты да, еңбегі де аталынбады. Бұл мезгілге тән ерекшелік: ғалым шығармалары аты аталса да көбіне даттау үшін алынды. Дегенмен

161

**Жүсіпов Нартай Қуандықұлы.**
**XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы /Монография. - Павлодар, 2003. - 247 б.**






АХМЕТ БАЙТУРСУНОВ

Новое время свободы возвратило нам творческое наследие классиков казахской литературы Магжана Жумабаева, Ахмета Байтурсунова, Алихана Букейхана, Миржакупа Дулатова и Жусупбека Аймаутова, оклеветанных жертв сталинских репрессий. Возгораются ярким светом уже затухшие было во мраке забвения светила нашей культуры.

Возглавлял эту плеяду последователь демократических и просветительских традиций Абая, Ибрая Алтынсарина и Чокана Валиханова, крупный исследователь-лингвист, литературовед, тюрколог, талантливый поэт и переводчик Ахмет Байтурсунов, который родился, если следовать наиболее достоверным документальным источникам, в урочище Сартубек в Торгайских степях нынешней Костанайской области 18 января 1873 года. В «Биографии» Байтурсунова говорится, что родился он в год обезьяны 1872 в ауле №5 Тосунской волости Торгайского уезда, в нетронутых цивилизацией краях, где сохранился в первозданном своем виде уклад казахской степной жизни, впечатления от которой оставили неизгладимый след в чуткой от природы душе мальчика Ахмета. В тринадцать лет произошло событие, которое нанесло его сердцу незаживающую рану. 17 октября 1885 года, не выдержав издевательств, отец Ахмета Байтурсун Шошак-улы, смелый и деятельный человек, со своим младшим братом Актасом оказали сопротивление отряду солдат, в произошедшей стычке был сбит с коня уездный начальник полковник Яковлев. За этим последовали конфискация имущества семьи, тюрьма и ссылка на 15 лет в Сибирь.

Талантливый от природы Ахмет сам научился грамоте, а затем продолжил учебу в аульной школе. В 1886-1891 годах он учился в Торгае в русско-казахском училище, а в 1892-1895 годах продолжил образование в Оренбургской учительской школе. С 1 июня 1895 года Байтурсунов начинает учительствовать - обучать детей в степях Актюбинска, Костаная и Каркаралы. С этого же времени он становится на путь борьбы за справедливость, за права бедняков, разоблачает царскую колониальную политику. Преподавая в районных и волостных, а затем и в двухклассных учительских школах, он, начиная с 1901 года, свои свободные вечера посвящает изучению литературы, занимается творчеством, составляет учебные пособия, сочиняет стихи, собирает фольклорный материал. В народе Ахмет Байтурсунов получает известность человека образованного, смелого и свободно мыслящего.

8

**Нургали Рымгали Нургалиулы.**
**Алашординцы. - Алматы: Алаш, 2004. - 280с.**






**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ**

**43**

*1873-жылдың 28 (15) – қаңтарында қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Сарытүбек ауылында туып, "халық жауы" деген жаламен 1938-жылдың 8-желтоқсанында атылған*

* * *

**Тұңғыш қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаған адам;**

**Тұңғыш әдебиеттану ғылымының негізін салған ғалым;**

**Арап қарпіндегі тұңғыш төте жазу әліпбиін жасаушы;**

**Тұңғыш тіл ғылымына және әдебиеттануға қатысты қазақ терміндерін жасап, ғылыми айналымға түсіруші**

* * *

Ахаң 1873-жылы Торғай облысы, Торғай уезінде Тосын болысында туған, сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергідегі аталары – Үмбетейден шыққан Шошақ. Ахаң – Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын.

Ахаңның туып-өскен ауылы, қыр қазағының ұғымынша, ол кездегі Үмбетейдегі іргелі, аталы ауылдың бірі болған. Оның үстіне белгілі батырдың тұқымы болғандықтан, Ахаңның жақындарының ішінен батырлықты, мықтылықты салт қылған ірі мінезді адамдар көбірек шыққан.

Ахаңның әкесі баласын өзге ағайындары түскен жолға түсірмей, өнер-білім үйретпекші болып, жас кезінде Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ школына берген. Сол школда оқып жүріп, 13-ке келгенде әкесі Байтұрсын үкімет алдында "жазықты" кісі болып, Сібірге айдалып кеткен.

35

**Жүз тұңғыш. Жинақ. 2-кітап / Құраст.:Б.Нұржекеұлы. - Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2005. - 352б.**




Губірнелік, уездік қалалардағы бұл уақытқа шейін болып келген курстердің бір кемшілігі – мерзім өте қысқа болып, оқушылар керекті мағлұматтарды толық ала алмай жүрді. Содан барып істе шалалық туады.

5 партия кәнперенсиесі қазақыландыру мәселесі туралы жол сызып берді. Ендігі міндет – партия кәнперенсиесінің қаулысын жүзеге толық асыруда.

*«Еңбекші қазақ» газеті,*
*7.01.1926.*

**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖОҒАЛМАС

Бастауыш мектептер жалғыз үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір-суық қолдан тыныш боларға керек.

Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыру, болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс.

Араб әрпі Ислам дінімен бірге келіп қазаққа орнаған. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазақта газет, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газет, журналы шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда, қазақ тілі жоғалмас.

**Міржақып ДУЛАТҰЛЫ**

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МҰҢЫ

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай



**Тіл туралы толғам / Құраст.: Д. Дүйсебай. - Астана: Ер-Дәулет, 2007. - 160б.**






**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ — АСА ІРІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ**

Ахмет Байтұрсынов — халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, ақын, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері. Бір сөзбен айтқанда "сегіз қырлы, бір сырлы" адам. Ахмет Байтұрсыновтың сан қырлы қасиеттерінің бірі оның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады.

Осы күнге дейін А.Байтұрсыновтың аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері, айлалы саясаткер ретіндегі қызметі туралы жеткіліксіз айтылып, аз жазылып келеді. Оның басты себебі Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық демократиялық Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі, Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құрудың бастау көзінде тұрған айтулы тұлғалардың бірегейі болғандығына ғана байланысты емес еді. Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде Ахмет Байтұрсынов біраз бұлтарысы бар күрделі жолдан өткен адам: Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі болған ол 1918 — 1919 жылдары Кеңес өкіметіне қарсы саяси күштермен одақтас болып, Қазақстанда большевизмге қарсы күресумен шектелмей, бұл күрестің барысында күш салмағы қарсыластар жағына ауа бастаған 1919 жылдың көктемінде Алаш басшылығының келісімімен Кеңес өкіметі жағына шыққан, В.Лениннің ұйғаруымен Ахмет Байтұрсынов 1919 жылы жазда құрылған Қазақ өлкесін басқару жөніндегі жоғарғы кеңестік ұйым — Қазақ революциялық комитетіне мүше болып тағайындалып, 1920 жылы қазан айында құрылған Ресей құрамындағы автономиялы Қазақ кеңестік социалистік республикасының /ҚАКСР/ үкімет мүшесі — оқу-ағарту комиссары болып сайланған. Басқа сөзбен айтқанда, Ахмет Байтұрсынов Алаш қозғалысы аясындағы қоғам қайраткері ғана емес, кеңестің Қазақстанның алғашқы жылдарында жоғарғы лауазымды мемлекеттік қызметтер атқарған адам. Ахмет Байтұрсынов өткен осындай күрделі жол оның қайраткерлік сан қырлы және саясаткерлік қызметін зерттеушілер үшін айтарлықтай қиыншылықтар тудырды. Солай болғанына қарамастан Ахмет Байтұрсынов мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасамасын (алаштық жүйе ме, әлде кеңестік жүйе ме — бәрібір) ол бірінші кезекте өзіне басты нысана етіп жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді таңдап алды да, оларды туған елінің мүдделеріне сай шешу үшін еңбектенді.

Өз баяндамамызда осы айтылмыш тұжырымды ашып көрсетуді мақсат еттік.

Ахмет Байтұрсынов азамат болып қалыптасқан кезең Қазақстанның Россия империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді. Осыған орай патша үкіметінің әкімшіліктері тарапынан халықты әлеуметтік-саяси тұрғыдан езу, оның жекелеген намысқой өкілдерін жәбірлеу мен қорлау жаппай орын алды. Мұны Байтұрсыновтар әулеті де бастан кешірді. XIX ғасырдың сексенінші жылдарында Торғай уезінің бастығы Яковлев Ахметтің әкесі Байтұрсынды өз ауылында жәбірлеп, қорлағаны үшін Байтұрсын оны соққыға жыққан. Сол үшін ол ұзақ мерзімге Сібірге жер аударылған. Бала Ахмет осындай озбырлықтың талайын көріп, тез есейген.

317

**Нұрпейіс Кеңес.**
**Тарихи тұлғалар. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. - 376б.**






145

Мәңгі жас - Алаш идеясы

мұсылмандар кеңесіне (Шоро-и-Исламға) өкіл болып сайланады. Осы жылғы желтоқсандағы сьезде Ақмола облысынан Алаш орда үкіметіне мүшелікке сайланады.

Сондай-ақ Айдархан Тұрлыбаев әріптестері Х.Ғаббасов, М.Тынышпаев және Б.Мәметовтермен бірге Семейде 1918 жылы 1-інші Алаш полкін жасақтауға белсене қатысады.

Кеңес өкіметі келген соң Омбы қаласында заң саласында қызмет істейді. 1934 жылы кеңестік билік оны қамап, алты ай абақтыда отырады. 1937 жылы қайыра тұтқындап, содан оралмайды.

2. АЛАШ АРЫСТАРЫ

Ахмет Байтұрсынов
(1873-1937)

"Алаш" партиясының негізін салушылардың және оның басшыларының бірі. Торғай уезі Тосын болысы Сарытүбекте ( 5 ауыл) туған. 1920 ж. сәуірінен 1921 ж. қарашасына дейін Коммунистік партиясының мүшесі. 1891 ж. Торғай орыс-қазақ училищесін, 1895 ж. Орынбор мұғалімдер мектебін бітірген. Ағартушы, ақын, публицист, ғалым-түрколог.

Патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы революциялық күрестерге қатысқан. 1907–1909 жылдары тұтқында болған (Қарқаралы, Семей түрмелері). 1910 ж. ақпанда Орынборға екі жылға жер аударылған, онда 1912 ж. аяғына дейін саяси бақылауда өмір сүрген. 1913–1917 ж-ры "Қазақ" газетінің редакторы. 1918–1919 ж-ры Торғай облыстық жер басқармасында жұмыс істеген, Алашорда үкіметінде оқу ісін ұйымдастыру комиссиясының төрағасы. 1919 жылы наурызда өз еркімен кеңес өкіметі жағына өткен.

Торғай облыстық I қазақ съезі президиумының төрағасы (1917 ж. сәуір), I (1917 ж. шілде) және II Жалпы қазақ (1917 ж. желтоқсан) съездерін ұйымдастырушылардың және белсенді қатысушылардың бірі болған. Бүкілресейлік Құрылтай жиылысы-

Болатбек Төлепберген

**Төлепберген Болатбек.**
**Мәңгі жас-Алаш идеясы: Публицистикалық зерттеулер мен. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2008. - 304б.**




еңбегіннің қолжазбасын жібер" деген мазмұнда хат жазады /22/. Баспа бетін көрген-көрмегені белгісіз бұл еңбек дәл қазір қазақ ғалымдарының қолына түскен жоқ. Алайда Ахметтің өзіне дейінгі ағартушылар жөнінде еңбек жазуды қолға алуы - құнды факт. 20-жылдары баспасөз бен мәдени ұйымдар жұмысында Ы.Алтынсарин тұлғасы пікірталас тудырғанда, тарихи дамуды дұрыс зерделей алатындар "Ахмет Ыбырай заманында туса, Ыбырайдай болар еді, немесе Ыбырай кеш туса Ахметтей болатын еді" дегенге саятын ой айтқан-ды /23/.

А.Байтұрсынұлы XVIII-XIX ғасырдағы тарихи-рухани процесті былайша түсіндіреді: "Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, таңып тастаған себепті, әдебиет көпке дейін өңдеп, өсе алмай, мешел болып аяғын баса алмай жатқан. Сол күйінде тұрғанда патша үкіметінің саясаты келіп килігеді. "Қазақ - діні шынығып жетпеген, шала мұсылман халық. Мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай" деген пікірмен, патша үкіметі қазақ пен ноғай арасында жік салып, екеуін айырғысы келді. ...Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде, қазақ орыс әдебиеті арқылы Еуропа жұрттарының әдебиетімен танысады" /24, 262/. Міне, кездейсоқтықтан гөрі заңдылыққа сәйкес осы құбылыс, яғни сапалық өзгеріске бағытталған рухани күш сұранымы, Ахметтің логикасы бойынша, Шоқан, Ыбырай, Абайларды дүниеге келтірді. Мұны ағартушы былай тұжырымдайды: "... өнерпаз Еуропа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін ...ғана Еуропа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзетушілер шыға бастаған. Қазақ әдебиетінің асылдануына, әсіресе әсері күшті болған – Абай сөздері" /24, 277/. Ахмет көбіне әдебиеттегі сапалық өзгерісті айтқанымен, оның осы ойын ғылым, оқу-ағарту ісіне қатысты да қарастыру ақылға қонады. Сондықтан Байтұрсынұлының пайымын XIX ғасырдағы шындықпен байланыста түйсіну жөн болмақ. Сонда ғана "молдалардың дін бесігі", "діні шынығып жетпеген", "екі жаққа сүйреу", "сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзеу" ұғымдарының мәні ашылады.

Осы тұста бастапқы ағартушылардың өзінен кейінгілерге танылу мәселесін айналып өтуге болмайды. Баспа-басылым ісінің өрістемеген шағында, яки ақпарат кеңістігінің шектеулі кезінде ақын-қаламгерлер еңбегінің құны таралымына қарап емес, бір дана болып бір адамға жетсе де маңыздылығымен өлшенсе керек. Мысалы, "Қазақтың бас ақыны" зерттеуінде Ахмет: "Абайдың сөзін мақтамайтын адам



**Қамзабекұлы Дихан.**
**Алаштың рухани. - Алматы: Ел-шежіре, 2008. - 360б.**




**Ахмет Байтұрсынов**
**(1873-1937)**



*Ол 1873 жылы қаңтардың 25 жұлдызында Торғай уезінің Тосын болысындағы шаруа отбасында туған.*

*1891 жылы Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесінде оқиды. Кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1895 жылы бітіреді. 1896-1907 жылдары Ы.Алтынсарин негізін қалап кеткен Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі ауылдық және болыстық мектептерде, екі кластық училищелерде мұғалім болып қызмет атқарады.*

*Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде патша үкіметінің саясатына қарсы наразылық білдірушілер қатарында болғаны үшін, ол бақылауға алынады. 1909 жылғы маусымда оны Семей түрмесіне қамап, Орынборға жер аударады. Сөйтіп, 1917 жылға дейін айдауда болады. Ахмет Байтұрсыновтың осы жылдары мысалдар жинағы шығады. 1913-1917 жылдары "Қазақ" атты апталық газет ұйымдастырып, оның редакторы болып істейді. Осы газетте қазақ халқын отырықшы ел ету, өнер-білім, мәдениет мәселелері жан-жақты сөз болады.*

*1919 жылы Ахмет Қырғыз өлкелік әскери-революциялық комитетінің мүшелігіне сайланды.*

*1920 жылы Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін А.Байтұрсынов екі жыл бойы республикалық Халық ағарту комиссары, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып жұмыс істейді. Бұдан кейін "Ақ жол" газетінде, Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстан академиялық орталығында еңбек етеді.*

*А. Байтұрсынов 1929 жылы 2 маусымда қамауға алынып, Архангельскіге жер аударылады. 1937 жылы қазанның 8-інде түрмеге қамалып, содан қайтып оралмайды.*

*Ол халыққа білім беру саласында көптеген мақала, оқу құралдарын жазды. Оның "Әліп-би", "Тіл құралы", "Әдебиет танытқыш" атты оқулықтары мен қазақ тілінің табиғаты, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалары ұлт мәдениетін өркендетуге қосқан үлкен үлес болып саналады.*

21

**Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы : 10 томдық. Т.6: Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып,қалыптасу тарихынан(1920-2000 жылдар) / Құраст.: С. Қалиев, К. Аюбай. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2009. - 400б.**








## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ — XX ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ РЕФОРМАТОРЫ

Адам баласының тарихында миллиардтаған жандар келді, өтті. Олардың басым көпшілігі қара басының камынан аса алмай өмір кешті. Ахаң сөзімен айтсақ, «сасық ми, салқын жүрек санасыздар, алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр».

Әрине барша пенде жер бетінде өз басынан аса алмай өтсе, әлемді Назым Хикмет айтқандай, қара түнек басар еді.

«Егерде сен жанбасаң, жанартау боп атылып,
Егерде ол жанбаса, аруақты шақырып,
Егерде біз жанбасақ, заманаңы сапырып,
Басар сонда барша әлемді түнек пенен қапырық»

(аударма автордікі — ред.), — деп Назым Хикмет тебіренсе, Ахаң тұрып:

Мен бұқтым, жаттым,
Сен бұқтың, жаттың,
Кім істейді, қызмет?! —

деп ұлтына қызмет істер перзент іздеуі, «Ұл туып, ұлы жолда қызмет етсе, онан зор ұлтқа бар ма ырыс», — деген үндеуі осыдан. Дана өз заманасынан озып туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып өрге сүйрейді, жолында тұрған кесапаттарды өңменінен түйрейді.

Сондай XX ғасыр даналарының бірі — Ахмет Байтұрсынов. Ол күрескен кесапаттар — надандық, қараңғылық, кертартпалық, адами хайуандық, отаршылдық, ұлттың азуы мен тозуы, оның бұратаналық болмысы, жараланған жан жарасы, құлшылық санасы, таланған жері, қансыраған тілі, шоқындыру саясатынан жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі.

Ахаң тағдыры — ел тағдыры.

Қазақ халқы «олжалы жерде үлестен», «ордалы жерде орыннан», «жоралы жерде жолынан» қалмауын ойлаған, «ұлттық құтқару майданының» сардары, XX ғасырдағы ұлттық ренессансының бастауы Ахмет Байтұрсынов планетарлық ойшылдар қатарынан орын алары даусыз. Ахаңның өз орны бар әлемдік ұлылар галереясында XX ғасырдың ұлы гуманисі Ганди, түркі әлемін оятқан Кемаль Ататүрік, шілдің боғындай шашыраған араб әлемінің басын қосқан Насыр, отаршыл Ресейді еңіреткен, XX ғасырдың Шәмілі — Дудаев, әлемдегі әрбір төртінші адамның жан дүниесін елжіреткен Дэн Сяо Пин, тұңғыш ғарыш перзенті Гагарин, адам құқының қорғаны Сахаров, алты алаштың арысы Әлихан Бөкейханов сияқты біртуар тұлғалар тұр.

Әрине Ахаңды планетарлық ойшыл, ұлы ағартушы-гуманист, XX ғасырдың ұлы реформаторларының бірі, бірі де болса бірегейі деуімізді дәлелдеу міндеті алда тұр.

Байтұрсыновтану — қазақ қоғамдық ғылымының өте жас саласы. 1923 жылы қазақ елі Ахаңның 50-жылдығын тойлады, С.Сейфуллин, М.Әуезов

**Тұлғалар тұғыры / Құраст. І. Қозыбаев. - Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. - 540б.**






С.Сәдуақасұлы қазақ жастары алдына оқуды міндет етіп қояды: «Оқусыз, өнерсіз аз адам баласы ешбір жақсылыққа жете алмайтындығын иман қылып, шүбәсіз сену керек... Жастардың алдында — сәулесін шашқан жарық...» (3: 264).

С.Сәдуақасұлының осындай шыншыл, әділдікке пікір таластыру арқылы жеткізетін заман келбетін кескіндеген мақалалары тәуелсіздік әдебиеттану ғана емес, бүгінгі театртану, тарих пен саясаттанудың құнды мұрасы болып қала бермек.

1. С.Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том, А.: Ғылым, 1993.
2. С.Садуақасұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том., А.: Алаш, 2003.
3. С.Садуақасұлы. Екі томдық. 2-том А.: Алаш, 2003.

2.4. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясының, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы ғалым, ақын, аудармашы, «Қазақ» газетінің (1913—1918) ұйымдастырушысы әрі бас редакторы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны Ахмет Байтұрсынұлы (5.09.1872—8.12.1937) қазіргі Қостанай облысындағы Сарытүбек (Торғай уезінің Тосын болысының №5 ауылы) деген жерде дүниеге келген. Архив деректеріне жүгінсек, А.Байтұрсынұлының өз қолымен толтырылған «Ағартушылық халық комиссариатының қызмет тізімінде: «5 сентябрь 1872 г.р.» (ҚРОМО, 81-қ, 1-тізім) деп жазылған. Тағы осы қордағы: «Жауапты қызметкерлер анкетасында»: «...1872 г., 5/IX урож. Торгайского уезда» деп көрсеткен.

Әкесі Байтұрсын Шошақұлы беделді, әділетті кісі болған. Ағайынды Байтұрсын мен Ақтас ел қамы үшін Яковлев деген жергілікті уездің бастығына қарсылық көрсеткендері үшін бас бостандықтарынан айырылып, 15 жылға, яғни, 1885 жылы Сібірге жер аударылады. Өзінің күрескерлік жолға түсуіне осы оқиғаның тікелей әсері болғанын ақын Ахмет «Анама хат» өлеңінде:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам? — (1: 115)

деп еске алған.

Әкесінің інісі Ерғазының тәрбиесінде болған Ахмет бастауыш білімді Ыбырай Алтынсарыұлы негізін қалаған қазақ мектебінде алып, 1891 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін,

153

**Ісімақова Айгүл. Алаш әдебиеттануы. - Алматы: Мектеп, 2009. - 560б.**






*Ахмет Байтурсынов*
*(1873-1937)*

*Многовековая история казахского народа имеет столь же многовековую, неизменную спутницу свою – казахскую литературу. Трансформируясь, эволюционируя в веках и эпохах, этот род духовной культуры народа выражал собою поэтический дух и высокое дарование народа... Казахский народ, создавший в прошлом немало ценностей материальной культуры, является творцом ценностей духовных, к которым принадлежит богатейший фольклор и письменная художественная литература, а также талантливая музыка.*

*М.О.Ауезов, том 20, стр. 337.*

*Ахмет Байтурсынов родился в январе 1873 г. в местности Сартубек Тосынской волости Тургайского уезда (ныне Джангельдинский район Кустанайской области).*

*В 1882-1884 гг. учился в школе, в 1886-1891гг. в Тургайском училище, основанном Ибраем Алтынсариным. В 1896 году поступил в Оренбургскую учительскую школу. Затем работал учителем в школах Актюбинской, Кустанайской, Каркаралинской степи.*

*К тем временам относятся ранние стихи А.Байтурсынова "Сеятель разума". В годы первой русской революции А.Байтурсынов выступал организатором массовых манифестаций в Каркаралинске, являлся одним из руководителей движения "Трудящиеся казахи", за что был осужден и отправлен в Семипалатинскую тюрьму, а позднее был выслан за пределы Казахстана. Начиная с 1912 года, А.Байтурсынов редактировал газету "Казах", на страницах которой публиковал свои статьи по*

143

**Шабжантаева М.Ш.**
**Звезды казахской литературы. Ч. 1 / М.Ш. Шабжантаева. - Кокшетау: Келешек - 2030, 2009. - 196 с.**




**Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері. / Жауап. ред. Ш. Құрманбайұлы. - Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2011. - 284 б.**




**Тұрғараева Г.М.**

**Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1872-1937 жж.): Монография. - Алматы: Нур-Принт, 2015. - 258 б.**




**Фонетика ғылымдарының өзекті мәселелері: даму көздері мен болашағы: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. - Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2012. - 335 б.**






**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

***ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ***

**АҢДАТУ**

Біздің анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе. Орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер; үй, кірпіш, бақша, арық, құдық – бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер. Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады. Адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады, өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен.

Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс жасайды, тағысын тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сүгірет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек-жарақтары. Мұны істегенде, «сұлуынан жылуы» дегендей, көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгеннен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер. Алдыңғы нәрселер адамның, мақұлықтық *жан сақтау* керегінен шыққан нәрселер. Соңғы нәрселер адамның *жан қоштау* керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын *тірнек өнері* болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – *көрнек өнері* болады.

26

**Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.9 : ХХ ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы. - Алматы: «Әдебиет әлемі», 2012. - 368б.**






**Өмірзақ Айтбайұлы**
*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі*

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШ ТАҒЛЫМЫ**

Ел басына төнген кешегі қара түнектің көбесі сетініп, әділеттің ақ жалауы көтерілгелі бері қазақтың ұлттық мәдениеті аспанында шуақты нұрын төгіп жарқырай жайнаған рухани көсемдер туралы, олардың өмірі мен шығармашылық өнері жайлы, азаматтық болмысы мен қайраткерлік қарымы туралы біраз дүниелер жазылып, көпке беймағлұм көмескі жайлардың көзі ашылғандай. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай, рухани қазынамыздың олқы тұсының орны тола бастады. Негізгі тақырыпқа көшпес бұрын, тарих тұңғиығына батып мәңгі жоғала жаздаған Ахмет Байтұрсынұлы сияқты Алаш ардагері арыс ұлдарымыздың асыл еңбектерін көздің қарашығындай сақтап, осы күнге жеткізген жеке адамдарға, архив қызметкерлеріне және бұларға жабылған жаланы жұлып тастап ақтауда ат салысқан еліміздің естияр азаматтарына жұрт риза екенін айта кеткіміз келеді.

Қазақ халқы жалпы архив жинау ісін дағдыға айналдырмаған ел. Соған қарамастан өзімізде де, өзге шет елдерде де халықтың тарихына, мәдениетіне, тіліне әдебиетіне, өнеріне т.б. кәсіп, тіршілік жоралғысына қатысты дүниелердің сақтала бергені қандай олжа. Осыдан ойға түседі. 1987 жылы күз айында сапардың сәті түсіп, маған Америка Құрама Штаттарына барып қайтуға тура келді. Бір күні Мадисон қаласындағы университетке соғып, оның кітапхана қорымен таныстық. Сонда біз таңқаларлық жағдайға тап болдық.

57

**XXI-ғасырдағы Алаштың ақ жолы. – Алматы: Экономика, 2013. - 248б.**





Ахмет Байтұрсыновпен бірге

XIX ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ Троицкіден Торғай арқылы Түркістанға пошта жолын салудың жобасы жасалған болатын. Бұл Усть-уйск, Звериноголовск станицаларының Троицк және Торғай қалаларымен байланысын жақсартты. Торғайдан Қостанайға қарай тартылған пошта жолы Торғай уезінің шығыс жағынан шығып, Ұлытау күре жолы Терісаққан және Жарқайың болыстарын басып өтетін. Орманбет, Жаркөл, Чурусай[1], Көкшетау, Қушеке, Тасты, Ұлытау, Шабдары, Түгіскен, Арғанаты стансыларында екі жұп қос аттан болды. Пикеттер шым қыртыстан орнатылды.

1887 жылы Торғай уезінде бір пошта бөлігі, бір земстволық пошта жолы және бір земстволық күре жол: 100 шақырымдық (100 верст) Ырғыз—Торғай және 278 шақырымдық Торғай — Қостанай жолы болды, бұларда 76 ат ұсталды.

Басқа күре жолдар: Орынбор — Қарабұтақ (379 верст), Қарабұтақ — Ырғыз (187 верст), Ырғыз — Торғай (197 верст), Петропавл — Көкшетау — Атбасар — Ұлытау қорғаны пошта жолы болды. Ор — Ырғыз (Орал қорғаны), Ырғыз — Қазалы, Торғай — Қостанай (432 верст) пошта жолдары әртарапқа кетіп жатты.

Торғайдан шығатын жол Алакөл, Қызылкөл көлдері арқылы оңтүстікке, Ұлы Жыланшық арқылы Шалқар — Теңіз көліне апарады. Ұлытау және Кіші Ұлытау суайрығына жақын, Шұбар — Теңіз көлінің шетін ала, Қайдауыл және Тосын болыстарының қонысы арқылы Сарысу өзенінің төменгі саласына апаратын жарыспалы басқа да жолдар болды. Болыстық қонысынан 1726 жылы жоңғарлармен арада әйгілі шайқас өткен Бұланты (Қарасиыр) өзені ағып жатты.

Торғайдан Қостанайға апаратын екі жол болды, олар Сарықопа көлінің солтүстігіне таман барғанда екі айырылып кететін. Бір жол — Торғай уезінің шекарасындағы Шұнты, Мамыркөл көлдерінің жанынан өтіп, Қабырға өзеніне жетіп, одан әрі Қостанай уезіне өтетін. Екіншісі — Торғайдан шығып, Сарықопа көлінің батысын жағалап, Қарақамыс мекені арқылы Қостанайға тартады.

Міржақып пен Асқар бірнеше күн жүрді. Бұл Міржақыптың ең алғашқы ұзақ сапары еді.

[1] Жер атаулары мен адам есімдері түпнұсқаға сәйкес берілді. — *ауд.*

22

**Галиев Виль Зайнуллович.**
**Ұлтты оятқан кітап: (Міржақып Дулатұлы және оның «Оян,қазақ!» кітабының ізімен). - Алматы: Мектеп, 2013. - 416б.**






## Ахмет Байтұрсынов

*Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,*
*Теңізде жүрміз қалқып кешпесі көп,*
*Жел соқса, құйын қуса – жылжи беру,*
*Болғандай табан тірер еш нәрсе жоқ.*
*Бұл күнге бүгін емес, көптен кірдік,*
*Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.*
*Жат жақты жаратқанға күзеттіріп,*
*Жақынмен ырылдастық, иттей ырдік...*
*Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,*
*Еліріп ерегіске екі-үш күндік...*
*Кіреді тентек есі түстен кейін,*
*Мүшкілін халіміздің енді білдік...*

Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ.

1913 жылы «ҚАЗАҚ» газетінің бетінде «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен Әлихан Бөкейханов орыс жазушысы Владимир Гладиктионович Короленконың алпыс жасқа толуына байланысты мақала жазыпты. Сол мақаласында Әлекең Короленконың Лев Николаевич Толстойдан соңғы орыс жұртының бетінің қызылы – ұяты, деген. Осындай бағаны Короленко кезінде өз Отандастарынан ести алды ма, жоқ па, ал қазақ Бөкейханов орыс жазушысының текті мінезін, істеген ісін, халқына сіңірген еңбегін аса жоғары бағалап, қалай аспандата көтерген, анау-мынау емес – тіпті бір халықтың «совесті» дейді.

Қазақ қауымы Ахаң-Ахмет Байтұрсыновты да осылай көреді, өзінің рухани көсемі санап бағалаған. Басы Әлихан Бөкейхановтан бастап, тұтастары Міржақып Дулатов, Елдос Омаров, Смағұл Садуақасов, Ғаббас Тоқжанов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, т.т. Ахаңды көзі тірісінде-ақ халқымыздың ар-намысы десе, Ахмет Байтұрсыновтың ардақты атын құрметтегені деп қараған жөн. Ал құрметтің екінің біріне жасала бермейтіні және белгілі. Өмір тым қатал. Бәрі екшеледі. Бұл – шындық. Ахаң жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған санаулы кісісі танылғанда осындай абыройға өзінің жойқын ісі мен ақ адал еңбегі арқылы жеткенін аңғарсақ болады.

Жойқын еңбектің аты – ізденіс. Іздену дала перзентіне оңайға түсіп пе, тал бесіктен көргені жазық сахара, түбектегі жалғыз ауыл. Басқа түк жоқ. Көк аспан. Төңірек жым-жырт. Ахмет шыр етіп, жарық дүниеге келген Сартүбек жердің шеті дерлік бір мүйіс. Әйтеуір көлі бар, соған да



**Сәрсекеев Қорғабай.**
**Қазақ шаруасы. – Алматы: «Gauhar» баспасы, 2013. - 510б.**







**ТЮРКОЛОГ АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ**

Как подчеркивал выдающийся тюрколог академик А.Н.Кононов, Ахмет Байтурсынулы был крупным ученым в области тюркологии. Он полностью заново сформировал казахский алфавит, заложил основы изучения фонетики, морфологии, синтаксиса казахского языка, написал основы языкознания, явился автором фундаментальных научных исследований в области казахской литературы и культуры в целом. Академик Кононов по праву называл Ахмета Байтурсынулы «великим реформатором в области казахского языкознания».

Академики Е.Д.Поливанов, А.Н.Кононов, А.Н.Самойлович и В.В.Бартольд, называли его «светочем науки и гордостью казахского народа»[1].

А.Самойлович еще в 1931 году писал: «А.Байтурсынов – выдающийся казахский поэт, ученый, журналист и педагог. Основной мотив его произведений – забота о пробуждении казахского народа. Поэт резко выступает против колонизаторской политики царского правительства. Народник-националист А.Байтурсынулы является и первым выдающимся казахскими ученым-лингвистом. Он основатель орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы» (Литературная энциклопедия, Москва, 1931. Т.5). Таким образом как ученый А.Байтурсынулы был признан российской научной элитой уже в конце 1920-х годов.

Речь идет не о просветителе, как о нем говорили в советское время. А.Байтурсынулы впервые создал казахский алфавит на основе шагатайской графики, которой наши предки пользовались с 14 века. Он узаконил существующую издавна казахскую письменность на основе арабской графики.

Это письменное наследие казахского народа переиздается сегодня в серии «Бабалар сөзі» – специального научного проекта, созданного по инициативе президента Н.А.Назарбаева.

А.Байтурсынулы был признан в среде российских ученых. Но вместе с этим Ахмет Байтурсынулы постоянно общался с соратниками по движению «Алаш-Орда», в том числе и с Мустафой Шокаем, находившимся в то время в эмиграции в Париже. Большевистские репрессии не сломили дух А.Байтурсынулы.

«Будучи профессиональным лингвистом-филологом и самым эрудированным казахом того времени, зная академическую историю и древние предания биев он доказывает, что казахи – потомки Алып-Арыс-бия (Афрасиаба); объясняет этимологию древнейшего самоназвания казахов «Арыс-эль» и последующего в тюрко-монгольскую эпоху этнонима «Алаш». Он, вслед за Василием Григорьевым, Ибраем Алтынсариным и Абаем, находит индоиранские и древнегерманские лексические основы в казахском и других тюркских языках, считая по праву «киргиз-казаков» прямыми потомками ариев, саков, гуннов, тюрков и чингисхановских монголов. Принцип деления на три жуза как древнеарийскую социальную триаду, кстати, Байтурсынов объяснил на полстолетия раньше французского ученого Дюмезиля», – пишет байтурсынвед Мұхамет-Халел Сүлейменов.

Более того, «Байтурсынулы считал надуманное немецкими учеными различе-

[1] Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.

**Ісімақова А.С.**
**«Жазған сөз жаным ашып алашыма...» / А.С. Ісімақова. - Алматы: Елтаным, 2015. - 304б.**







## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

Теоретик Ахмет Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, оның күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі яғни сол ізденістердің нәтижелерін қолданыстан шықпайтын өміршең оқулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі. Ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб таңбаларын латыншаға ауыстырудың тиімділігі жоқ деген пікір айтқан А.Байтұрсынұлы бастаған зиялы топқа «ұлтшыл», «пантюркист», «панисламист», «советке қарсы» деген айыптар тағылды.

Араб жазуы тікелей ислам дінімен байланыстырылып, ғалымның сан жылғы еңбегі жоққа шығарылды. Уақыт көрсеткендей, латын жазуының да тағдыры ұзаққа бармады. А.Байтұрсынұлының Құран әріптерінен тұратын, ғылыми негізі дәлелденген «жаңа емлесін» латын әріптерімен, одан кейін кириллица таңбаларымен алмастыру халқымыздың сан ғасырлық ескерткіштері болып табылатын бағалы жазба мұраларынан қол үзіп қалуымызға әкеліп соқты.

Қазақ халқының әліппесі Алланың кітабы Құран әріптерімен үндес екенін дәлелдеген А.Байтұрсынұлының бұл ғылыми жаңалығының мәнін біз әлі толық мойындамай келеміз. Оның үстіне бұл ғылыми мәні зор, мұсылман елдеріне үлгі болатын бірден бір дәйек.

Қазақ тіл ғылымының теориялық негізін орнықтырған А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына мұрындық болған іргелі ғылыми зерттеулердің авторы. Бұл тұста ең алдымен ауызға «Әдебиет танытқыштың» ілінетіні – заңдылық.

«Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да Ахаң: Көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу ... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдиінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы». Демек, «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы – осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы» – дейді академик З.Қабдолов.

1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану,



**Ісімақова Айгүл.**
**Тәуелсіздік және Алаш ғылымы : Зерттеулер, мақалалар . - Алматы: «Каратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2015. - 288б.**






**(№28) НА ОСНОВАНИЙ ПОСТАНОВЛЕНИЯ ВСЕРОССИЙСКОГО ЦЕНТРАЛЬНОГО КОМИТЕТА**

На оснований Постановления Всероссийского Центрального Комитета от 4 апреля 1919 г. Президиум ВЦИК предлагает: Киргизскому *(Казахскому)* и Сибирскому революционному комитетам и Челябинскому губисполкому широко оповестить население о вышеупомянутом постановлений ВЦИК и разъяснить, что Президиум ВЦИК находит своевременным допустить бывших членов Правительства «Алаш-Орда» к советской работе и категорически запрещает преследование за прошлую их деятельность»

*ҚР ОММ, 14-қор, 3-тізім, 4-іс, 11-бет.*

**(№29) О НАЗНАЧЕНИИ**

В.И.Ленин: подписывает мандаты о назначении постановлением СНК от 24 июля 1919 г. С. С. Пестковского председателем, а Сейткали Мендешева, Бахытжана Каратаева, Ахмета Байтурсынова, Мухамедьяра Тунганчина, В.Л.Лукашева А.Т.Джангильдина членом Военно-революционного комитета по управлению Киргизким краем»

Владимир Ильич Ленин. Биографическая хроника, т. 7, М. с. 406.

**(№30) РЕВОЛЮЦИЯ И КИРГИЗЫ (КАЗАХИ)**

Ахмет БАЙТУРСЫНОВ

Насколько понятнее была киргизам Февральская революция, настолько же непонятной показалась им Октябрьская революция.

С какой радостью встретили они первую революцию, с таким же ужасом пришлось им встретить вторую. Такое отношение киргизов к той и другой революции весьма естественно и понятно, тем, кто знаком с киргизским народом. Первая революция была правильно понята и с радостью встречена киргизами потому, что, во-первых, она освободила их от гнета и насилий царского правительства и, во-вторых, подкрепила у них надежду осуществить свою заветную мечту – управлять самостоятельно. То, что вторая революция показалась киргизам непонятной объясняется просто: у киргизов нет капитализма, ни классовой дифференциации; даже собственность у них не так резко разграничена, как у других народов: многие предметы потребления считаются у них общественным достоянием. Наводила же на киргизов ужас Октябрьская революция своими внешними проявлениями. Как происходило большевистское движение в центральных частях России, киргизам было не-

142

**Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами: Трехтомный сборник документов и материалов. т.1. - Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. - 424 с.**






**(№158) БАУЫРЫМ АХМЕТ! 16 МАЙ, 1925 ЖЫЛ[85]**

16 май, 1925 жыл

Әлімхан келіп содан естідім, сен ауырып оңалыпсың. Енді ауырма. «Жоқтауым»[86] 21 болды. Мен қазақ секциясына бердім. Сеид-Ахмет жоқтауымды алып қалды. Өлеңі жақсы болғанымен, қайталамасы көп екен. Соны оңдап барып, сонан соң баспасаң, қайталама жақсы өлеңді бұзып кететін. Сабындай бұзылған Ж. «таптай»[87] ойнаған біздің ЦИ[88] – сұлу әдебиет сөзін басатын көрінеді. Сеид-Ахметтің өленін өңде. Күзде басылып та қалар. ЦИ бірінші октябрьге дейін оқу құралын ғана баспақ. Баспа күшінің бәрін осыған салмақ. Орынбор баса алмай отырған мектеп кітаптары болса, Мәскеуге жіберіп қараңдар. Басқанына ақы аласыңдар, жылдам басып береді.

Біздің Нәзір[89]: Шәнгерей, Шоқан, Ыбырайды *(Алтынсары)* кітап қылып шығарайық – дейді. Мен «жарайды» дедім. Мен Шәнгерейді жазбақ болдым. Ыбырайды саған бермек болдық. Шоқанды Мадиярға берейін деп едім, латын «ойнына» түсіп кетті, тосыркап қалды. Мен: сен тапсыр баспаға, өзің жаз – дедім. Мен майды бітіріп елге келем. Шәңгерейді ауылдан жібермек болдым. Бәрібір күзге шейін басылмайды. Сен де күзге жазып берем деп Ыбырайды ал. Шоқанды тағы да көрерміз. Абайды жазатын кім? Білесің бе? Тұрашқа жаздырсам, сыңаржақ болып, жүгі бір жаққа ауып кетеді ме – деп қорғанып тұрмын.

Біздің ЦИ *(Центриздат.)* мектепке деп дәптер шығармақ. Ол дәптердің оң бұрышында Абай, Шоқан, Ыбырай (Алтынсары), ақын Ахмет, Шәнгерейдің суреті болмақ. Маған сен суретіңді жібер. Мен оны ЦИ-ге беріп кетейін.

Жоқтауға әлі ақы алғаным жоқ. Алғанда саған жіберем.

Мадияр жолдасқа айтшы, мен «Еңбекші қазақтың» егіз санын алам. Маған біреуі де болады. Екіншісін Қарқаралыда Бәжікейге жібер деп. 3-4 рет хат жаздым. Мадияр дәл Еркесары, баспалап істейді, дәнеме айтпайды. Газетін қосақтап Мәскеуге жібереді де отырады. Тағы да Мадияр газетті былай қылып елге тарат дегенде дым-ақ шешен. Өзінің

[85] Әлихан Бөкейхановтың хаттарының түпнұсқасының фотокөшірмелері 201, 202, 203, 204 беттерге тіркелген – Т.Ж.
[86] «Жоқтау» – Москвада шыққан жинақ. Бұл арада өзі жинаған «Жоқтаулардың» санын көрсетіп отыр – Т.Ж.
[87] Бұл арада «тап», «тапшыл» деген сөзді «таптап, басып» деген мағынада ойната қолданған – Т.Ж.
[88] ЦИ – Орталық баспа – Т.Ж.
[89] Нәзір – баспаның директоры Н.Төреқұлов – Т.Ж.

270

газеті Мәскеуге 8 күнде келеді де, соңғы шыққаны озып жүреді. 31 майдан кейін маған Мәскеуге газетті жібермесін, мен елге кетем.

Сейд-Азымға[90] беретін істер әлі де түзеліп біткен жоқ. Мен жүргенше бітпесе, секцияға тапсырып кетем. О да күзге дейін басылмайтын жазбалар болады ғой.

«Елдесім»[91] жолдастың физикасына сын жазайын десем, газетке үлкен, журналым жоқ болып, делдал болып тұрмын. Елдесім жақсы жігіт. Бұрын да жақсы еді. Енді онан да сүйікті болып кетті.

Бір күні Шенгерей маған: «Мен сені жақсы көрем, білесің бе?» – деді. Мен: «Жоқ», – дедім. Шенгерей: «Сен шын қазақсың ба? Сені қазақ деп жақсы көрем», – деді.

Физиканы оқып қарасам, Елдесім де қазақ екен.

Бәріңді құшақтадым, сүйдім.

**Ғалихан**
*224 бет.*

**(№159) ПИСЬМО А.БАЙТУРСЫНОВА БУКЕЙХАНОВУ А. ОТ 16 МАЯ 1925 г.**

Уважаемый Али![92]

На многие твои письма своевременно я не мог ответа дать по поводу окончательного разрешения вопроса о переводе в Кызыл-Орду. Теперь видя, что учащиеся несмотря даже на то, что не переводится Киринститут – решили поехать, я тоже самое решился перекочевать в Кызыл-Орду, поэтому для осмотра и подыскания квартиры послал туда свою жену. В нынешнем году благодаря переводу центра даже мог поехать на родину. Теперь думаю после перекочевки в августе или сентябре месяце. Если твой профессор выедет в Тургайский и Иргизский уезды, то возможно выехать и мне с ним. Собирание им песен, фотографирование – мною тоже давно задуманные вещи. Если бы мне научиться у профессора, то для меня было бы очень полезно.

Согласно заключенного мною договора с Киргосиздатом я должен по новому правописанию пересоставить три грамматики и киргизскую азбуку сроком одну к 15 июня, другую к 1 июля, третью к 1 августа и четвертую к 20 августа. Вот до этого времени не могу оглянуться на

[90] Сейд –Азым Кадырбаев – Т.Ж.
[91] Елдес Омаров – Т.Ж.
[92] А. Байтұрсыновтың Әлихан Бөкейхановқа 1925 жылы 16 мамыр күні жазған хатына жауабы. Түпнұсқасы біздің көзімізге түспеді. Тек орысша аудармасын ұсынып отырмыз – Т.Ж.

271

**Движение Алаш : Сборник материалов судебных процессов над алашевцами: В Т.3., т.2: .- Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. - 400 с.**




**А.Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017.-752 бет.**




**Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия / Бас. ред. Ж.Тойбаева. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 744 бет.**




**Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы тағылым үйінің қалыптасу тарихы: құрылымы, дамуы, жүйеленуі, зерттелуі. - Алматы: «Өнер» ЖШС, 2017. - 288+32 ж.б., суретті, деректі, құжатты.**







Жумадил А.К. Культурные процессы в Казахстане в 20-30-е годы XX века: учеб. пособие /А.К. Жумадил, М.Т. Жумадил. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 188 с.

Ұлы дала тұлғаларының даналық сөздері: Цитаталар жинағы. / Алматы: «Ел-шежіре» қоғамдық қоры, 2020. -320 бет.




**Абылкасымова А.Е., Косанов Б.М. История становления и развитие методики преподавания математики в Казахстане. Учебное пособие. - Алматы: Мектеп, 2020. - 332с.**






қатар Құрбан айтына байланысты екі күндей ойын-сауық жасайды: ат жарыс, балуан күрес, көкпар тарту, тағы да басқа ойындар, әсіресе ән. Олардың бәрін суретке түсіріп, Кучинский қарық боп қалады. Ол ұзақ уақыт Шәкәріммен әңгімелескеннен кейін: «Бұл кісі шынында да даланың көпті көрген адамы екен» деп қатты сүйсінеді. Кейін өз еліне, Германияға оралған соң Макс Кучинский «Степь и ее обитатели» деген атпен кітап шығарыпты деседі. Бірақ, сол еңбекті алдыруға қаншама әрекеттенсе де Мұқаң, неге екені белгісіз, одан еш нәтиже шығара алмады.

*Дүйсенбаев Ы. Әз аға (Естеліктен) // Мұхтар Әуезов. Мақалалар, естеліктер. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1974. 213-214-б.*

**ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ**

Видел Ахмета Байтурсынова в Пушкинской библиотеке еще в ученические годы. Он выступил там с речью. Мне показалось, что лицом он больше смахивает на русского. Понятно, что в том возрасте я не придавал должного значения многим вещам. Меня нисколько не трогало, например, что на том собрании присутствовали ректор КазПИ Санжар Жагыпарулы Асфендияров, его заместитель Едыге Герейулы Мансуров, автор учебника, известный математик Алимхан Ермеков – лучшие сыны казахского народа. Понимаю, казахский народ переживал в тот период самые худшие времена в своей истории. Хотя был еще незрелым юнцом, я чувствовал, что творится настоящий произвол. Голодомор, организованный свыше, ограничение прав простых людей, беспредел во всех сферах жизни, гонения, устраиваемые за лучшими представителями народа. Ужасы 1937 года. Долгие годы после этого беззакония, народ не осмеливался даже называть вслух имена жертв репрессий. Да, многие из них сейчас оправданы. Справедливость восстанавливается. Правда, как солнце: ее ладонью не прикроешь.

*Сманов Б. Правда, как солнце: ее ладонью не прикроешь (Беседа с Д.А.Кунаевым) // mysl.kazgazeta.kz›?p=543*

**МҰХАМЕТҚАЛИ ЖАҚСАЛИЕВ**

– Мен қазақ қоғам қайраткерлерінің экономикалық, саяси-әлеуметтік ойларын 50-жылдары зерттей бастаған едім, – деді Мұхаметқали Жақсәліұлы.



**Естеліктегі Алаш. Ғылыми-танымдық басылым / Құрастырған, алғысөзін және түсініктерін жазған С.Б. Жұмағұл. - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020. - 488 б.**